Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 желтоқсан N 1747. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N 452 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.02. N* 452 *(2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 P000596_ қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 20, 219-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Білім беру қызметін лицензиялаудың ережесінде:

23-тармақта:

1) тармақшада:

екінші абзацтағы "бір немесе бірнеше" деген сөздер "6 және одан да көп" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"бір оқытушыға шаққанда студенттер құрамы өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 4, музыка және ән-күй мамандықтары бойынша 6, шет тілі, шетел филологиясы және аударма ісі бойынша 7, бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша 7 адамнан артық болмауы; басқа мамандықтар үшін күндізгіде - 10, кешкіде - 20, сырттай оқыту нысанында - 40 адамнан артық болмауы;

штаттағы оқытушылар үлесі олардың жалпы санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша 30 пайызынан кем болмауы;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылар үлесі штаттағы оқытушылар санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 25 пайызынан кем болмауы";

жетінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"электрондық және магниттік тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің 10 пайызынан кем болмауы";

сегізінші абзац "жалға алған" деген сөздердің алдынан "1 оқу жылынан кем емес мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

екінші абзац "мамандануы" деген сөздің алдынан "3 және одан да көп мамандық бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"бір оқытушыға шаққанда студенттер құрамы өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 4, музыка және ән-күй мамандықтары бойынша 6, шет тілі, шетел филологиясы және аударма ісі бойынша 7, бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша 7 адамнан артық болмауы; басқа мамандықтар үшін күндізгіде - 10, кешкіде - 20, сырттай оқыту нысанында - 40 адамнан артық болмауы;

штаттағы оқытушылар үлесі олардың жалпы санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 40 пайызынан кем болмауы;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылар үлесі штаттағы оқытушылар санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 30 пайызынан кем болмауы";

жетінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"электрондық және магниттік тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің 15 пайызынан кем болмауы";

сегізінші абзац "жалға алған" деген сөздердің алдынан "1 оқу жылынан кем емес мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада:

екінші абзацтағы "7" деген сан "12" деген санмен ауыстырылсын;

төртінші, бесінші және алтыншы абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"бір оқытушыға шаққанда студенттер құрамы өнер және мәдениет мамандықтары бойынша 4, музыка және ән-күй мамандықтары бойынша 6, шет тілі, шетел филологиясы және аударма ісі бойынша 7, бейнелеу өнері және сызу мамандықтары бойынша 7 адамнан артық болмауы; басқа мамандықтар үшін күндізгіде - 10, кешкіде - 20, сырттай оқыту нысанында - 40 адамнан артық болмауы;

штаттағы оқытушылар үлесі олардың жалпы санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 50 пайызынан кем болмауы;

ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар оқытушылар үлесі штаттағы оқытушылар санының, оның ішінде әрбір даярлық бейіні бойынша - 35 пайызынан кем болмауы";

жетінші абзац мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"электрондық және магниттік тасымалдаушылардағы оқу-әдістемелік

әдебиетпен қамтамасыз етілуі мамандықтың оқу жоспарындағы пәндердің 20 пайызынан кем болмауы";

сегізінші абзац "жалға алған" деген сөздердің алдынан "1 оқу жылынан кем емес мерзімге" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК